

Бекітемін 
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
Бақшасының меңгерушісі:
К.К. Сейдалиева

«Ана алақанының аясы- ақ шынардың саясы»



«Айкөйлек» тобы

Тәрбиешілер: Абжанова.Р

Әшімкулова.Г

Ана алақанының аясы-ақ шынардың саясы.

Зал іші мерекеге сай безендірілген.
Экраннан хабарландыру көрсетіледі.
Проектр арқылы бейнеролик.

Хабар жүргізуші:

Шымкент қаласындағы №29 «Ай-Керім»бөбекжай балабақшасы 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік іс шаралар ұйымдастырылып,барша аналарды құттықтап,балдай тәтті бүлдіршіндер өз өнерімен сүйсіндіруде.Аталмыш мереке қарсаңында «Бәйтерек»ересек тобының балаларының мерекелік ертеңгілік кешін тамашалайық.

Би: «Вальс»

Жүргізуші: Біз ғана емес,қадір тұтқан бабалар
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар,қасиетті аналар!

Қош келдіңіздер аяулы аналар,қызғалдақ қыздар,қадірлі ұстаздар!Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып,8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті.Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек.Олай болатыны,аналарға ыстық сезім,алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес.Олар өмірдің гүлі,көңілдің жыры,әр отбасының алтын діңгегі.Мынау тынымсыз тіршілікпен кең дүниенің өзі тек аналар мен ажарлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзін деп соқса,бүгінгі «Ана алақанының аясы ақ шынардың саясы»атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Ән: «Ақ мамам» Б.Бейсенова.

Жүргізуші: Бүгін наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз адамның
Анаға айтар лебізі.

Нұртас: Жүре берсем қасыңда
Жылынамын бір демде
Не жетеді көзіңе
Мейірімді күннен де

Үн қатасың бал тілмен
Еркелеймін әр күн мен
Құттықтаймын анашым
Сегізінші наурызбен!

Дәурен: Книжки вечером читает
И всегда все понимает
Даже если я упряма,
Знаю,любит меня мама.

Нұрбек: Алақаны ақ самал
Мәпелеген жан ана.
Көкте күнім батса да,
Өзің күнсің балаңа.

Кімнің ойлап тапқанын.
Ана деген сөзді де
Әке деген сөзді де
Ата деген сөзді де
Ойлап тапқан балалар.
Күнім, жаным дегенді
Құлыншағым дегенді
Ботақаным дегенді
Ойлап тапқан аналар.

Көктем: Балалар бізге әжелерде қонаққа келіпті. Әжелерге арнаған қандай өнерлерін бар.
Жүргізуші: Көктем біздің балалар өнерден кенде емес. Ал, қазір біздің балалардың биін тамашалаңыздар.

Би: «Әжелер»

Ән: «Ботаңыз әлі балақай» Айарудың орындауында.

Көктем: Менің ұл балдармен ойын ойнағып келіп тұр. Қане, жігіттер ойын ойнайсындарма?
Балалар келіседі.

Ойын: «Дастархан жасау»

Шарты: Балалар екі топқа бөлініп, үстел үстінде ұрған заттарды ретімен қойып, дастархан жасаулары керек.

Жүргізуші: Ал, енді биші қыздардың биін тамашалаңыздар.

Би: «Испан» биі.

Хакімхан: Менің әжем гүл әжем
Алтын әжем күн әжем
Анам үшін мен үшін
Нағыз ана ол әжем.

Менің әжем жыр әжем
Шуағы мол нұр әжем
Ақ таяққа сүйеніп
Аман есен жүр әжем.

Білімжан: Шуағыңды сеуіп,
Жайна анамыз әже.
Жұлдыздарың сені,
Айналады сені.

Әже деген көп шығар,
Әжемдей жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

Нұрдәулет: Мені жақсы көреді,
Күндей күліп келеді.
Көп ертегі біледі,

Маған айтып береді.

Айтатын көп әңгімені,
Тындасаңыз бар елді.
Бұл күні мен алдымен,
Құттықтаймын әжемді.

Самғат: : Құртпен майын жинаған,
Балаларға сыйлаған.
Бұл әжемнің өмірі
Таусылмайтын жыр маған.

Таусылмайтын өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа
Кәмпіт алып келеді.
Әжем мені өйткені,
Өте жақсы көреді.

Хантөре: Мамочке подарок,
Приготовлю я.
Самая красивая,
Мама у меня.

Ән: «Добрая,милая мама»

Би: Ұлдар аналарымен билейді.

Жүргізуші: Аналарымыздың көңілі көтерілген шығар.Енді экранға назар аударыңыздар.Балалар мен аналарының суреттері слайдтан көрсетіледі.

Айша: Алақаны ақ самал,
Мәпелеген жан ана.
Көкте күнім батса да
Өзің күнсің балаңа.

Эльнура: Анашым,анажаным,
Аялы алақаның.
Есейіп кетсем дағы,
Мен сенің балапаның.

Анашым,анажаным,
Мейірбан,балажаным.
Бақытым емес пе еді,
Өмірді сыйлағаның?!

Аружан: Еркелесем күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін.
Маңдайымнан иіскеп менің,
Құлыншағым күнім дейтін.

Жамандыктан сақтандырып,
Жаксы ісімді мақтан қылып.
Мәпелеген ақ мамамды,
Жүрсем деймін шаттандырып.

Жұлдыз: Бойында мен сүйетін,
Көп сенің қасиетін.
Аяулы перзентіңмін,
Алдыңда бас иетін!

Балаймыз бағымызға,
Арайлап таңымызға.
Аман боп жүре бергін,
Анашым жанымызда!

Ән: «Достық»

Би: «Көңілді би»

Ән: Ағылшын тілінде «Менің анам»
Бұлттың шығуы. Сахнаның төбесінен бұлт төмен түсіріледі. Сол бұлтқа ілінген сыйлықтарды
балалар аналарына сыйлайды.

Жүргізуші: Құтты болсын осы шаттық күніңіз,
Бакытты да ұзақ өмір сүріңіз.
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.